

«Керемет» бастауыш мектеп – балабақша кешені

***Ата-аналар жиналысының
хаттамасы №2***

Тәрбиеші: Бітімбай М

2021-2022жыл

Хаттама №2

Түркістан қаласы

12.12.2021 жыл

Қатысқаны: 9

Қатыспағаны: 1

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Оқу-тәрбие жұмысындағы І тоқсанның балалардың алған білімі мен кемгіліктері. Мониторинг.
2. «Қош келдің Жаңа жыл!» мерекесі.
3. Ата-аналарға арналған тест

Тыңдалды:

Ата-аналар жиналысын Гульшат Үсенқызы ашып, ата-аналарды тәуелсіздік күнімен және де келе жатқан жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтай отырып, жаңа жыл жаңа қуанышымен келуін тіледі.

Меңгеруші ата-аналарға балабақшаның күн тәртібін еске сала отырып, осы күн тәртібін қатаң түрде сақтауын өтінді. Яғни, балаларыңызды таңертеңгілік сағат 9-ға дейін алып келіп, таңғы жаттығуға қатыстыру керектігін айтты. Таңертеңгілік сағат 9-дан кешіккен баланы қабылдай алмаймыз деп ескертті, себебі әр топта 9-дан 10-20 минут кеткенде оқу іс-әрекеттері басталуы тиіс.

Топ тәрбиешісі Бітімбай М топтағы балалардың үлгерімі мен тәртібін айтып өтті. Оқу жылының бірінші жарты жылдығындағы өтілген оқу іс-әрекет барысындағы әр балалардың жеткен жетістіктерін айтты. Көптеген балалардың сандарды танып, есептеуді үйренгендерін, Әріптерді танып, оны оқып жазуды үйрене бастағандарын айтты. Топ тәрбиешісі Қосымова И ата-аналарға қыркүйек айындағы мониторинг нәтижесімен таныстырды. Жыл басындағы көрсеткіші төмен балалардың қазір біршама дәрежеге көтерілгенін айтты.

Топ тәрбиешілері балалардың жаңа жылдық ертеңгілікке дайындығын айтып, әр баланың мерекеге сәйкес киетін костюмдерін ата-аналарға тапсырды. Жаңа жылдық мерекені ата-аналардың келіп тамашалауына болатындығын айтты. Балалардың

жаңа жылдық сыйлықтарын ата-аналар бірауыздарын ойласа келіп
шешіп, ата-аналар комитетіне сеніммен тапсырды.
Тәрбиешілер ата-аналарға арнап тест сұрақтарын қойды. Ата-
аналар өз пікірлерін білдіріп, сұрақтарға жауап берді.

Қаулы:

1. Бала үлгерімінің жоғарылауына ата-ана да өз үлесін қоссын.
2. Жаңа жыл мерекесіне сәйкес әр балаға мерекелік костюм кигізілсін.

Хатшы:  Курышбекова Жанна
Төрайымы:  Асилекова Айгерім